

## Қазақ тілі сабағында оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру

Манабаева Жанна Мукамбековна  
Өскемен қаласы әкімдігінің "№34 мектеп-лицейі" КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Үштілділікті дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған кешенді жоспар мен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарында қазақстандық жалпы білім беретін мектеп оқушыларының білім сапасын жақсарту қажеттілігі көрсетілген. Бүгінгі күні әр білім беру ұйымының алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, білім, білік, дағдыларын өмірде қолдана білетін, шығармашылыққа, өзгермелі заман жағдайында өзіндік шешім қабылдай алатын әлеуметтік құзыретті де дарынды функционалды сауатты тұлға қалыптастыру мақсаты тұр.

Орыс мектептерінде қазақ тілін, мемлекеттік тілді оқыту жүйесі қарапайым және бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғарғы деңгейі бойынша базалық, пәндік құзыреттерді жүзеге асыра отырып, қазақ тілінен сөйлесім әрекеттері дамыған тұлға қалыптастыру.

Қазақ тілі сабақтарын мазмұны мен формасы жағынан қызықты, тиімді өткізу, әр сабақта сөйлеу әрекеттерге қызықты тапсырмалар ұйымдастыру, сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде әдеби тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту, бір-бірімен сабақтас, жүйелі тақырыптарды коммуникативтік тұрғыдан ұсына отырып, нәтижеге қол жеткізу.

Қазақстан қоғамындағы болып жатқан экономикалық және саяси жаңғыртудың ең маңызды қырының бірі - тіл саласындағы саясат. Елбасы көп ұлтты қазақстандық қоғамға көптілділікті дамытудың маңыздылығы мен мәнділігі туралы үнемі айтуда: «Қазақстан жоғары білімді ел ретінде әлемге танымал болуға тиіс. Ол үшін қазақстан халқы үш тілді меңгеруі қажет: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі - халықаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға табысты бірігу тілі. Бүгінгі таңда, біздің еліміз әлемдік кеңістікке талпыныспен кіру кезеңінде, бірнеше тілді меңгерген адам ғана нағыз білімді адам болып саналады». Қазақ тілі сабағында оқушылардың коммуникативті дағдыларын қалыптастыру үшін сабақта коммуникативтік-танымдық мақсат жүзеге асу үшін сөйлесім әрекетінің төрт түрін жүйелі

түрде дамытамын. Олар: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым. Қазақ тілінен коммуникативті дағдылары қалыптасқан оқушы - мемлекеттік тілде өз ойын ауызша және жазбаша түрде еркін, түсінікті, дұрыс жеткізе алатын, түрлі өмірлік жағдаяттарда тілдік қатынасқа түсе алатын дара тұлға.

Осы нәтижені жоғарылату үшін төмендегі іс-шараларды атқарамын.

Төрт сөйлесім дағдыны дамыту үшін осындай тапсырмаларды беремін:

➤ Мәтінді тыңдау және не туралы айтылғанын айту;

➤ Мәтінді тыңдап көп нүктенің орнына қажетті сөзді қою;

➤ Басталған сөйлемдерді аяқтау;

➤ Тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтып беру;

➤ Тыңдалған мәтінге жоспар құру;

Оқылым әрекетін дамытуда осындай тапсырмалар беруге болады;

➤ Жеке оқу (төл дыбыстарды дұрыс айту);

➤ Мәтін тақырыбы бойынша өз пікірін айту;

➤ Бірлесіп оқу-бір мәтінді бірнеше оқушының оқуы және мәтін бойынша грамматикалық тапсырманы орындау;

➤ Параллельді оқу- бір тақырып немесе бір мәселе бойынша әртүрлі мәтін оқу, алған ақпаратпен алмасу және айырмашылықтары мен ұқсастығын анықтау;

Жазылым әрекетін дамытуда осындай тапсырмалар беремін;

➤ Шағын топтарда әртүрлі өмірдегі оқиғалар туралы хабарлама жазу;

➤ Конспект жазу (қысқаша мазмұнын айту);

➤ Сөйлемдерді толықтыру;

➤ Мәтіннің соңына әртүрлі нұсқа жазу;

➤ Жаңа сөздер арқылы сөз тіркес, сөйлем құрастыру;

Айтылым әрекетін дамытуда осындай тапсырмалар беремін;

Монологты дамытуға арналған тапсырмалар;

➤ Сұхбаттың мазмұнын монолог түрінде айтып беру;

➤ Мәтіндегі ақпаратты қысқартып бірнеше сөйлеммен айтып беру;

➤ Ситуативті монолог құрастыру (жоспар, тірек сөздер арқылы);

- Өмірлік тәжірибиеге байланысты монолог-бағалау құрастыру;
  - Мәтінге атау қою, негіздеу;
  - Суретті сипаттау;
  - Мәтінге жақын мазмұндау;
- Диалогты дамытуға арналған тапсырмалар;
- Сұрақтарға жауап беру (толық, қысқа);
  - Мәтін бойынша сұрақтар қою;
  - Тақырып бойынша диалог құру;
  - Проблемалық сұраққа дәлелді жауап беру;
  - Күрделі сұрақтар құрастыру; («Жуан» және «жіңішке» сұрақтар, «Ыстық микрофон», «Миға шабуыл»)

Оқушылар қазақ тілін білу деңгейін мен сұранысын ескере отырып мемлекеттік тілде өз ойын ауызша және жазбаша түрде еркін, түсінікті, дұрыс жеткізе алады.

Әрекеттер	Оқушылардың дағдылары
тыңдалым	Мұқият тыңдау, түсініп тыңдау, мәтіннің мазмұнын есте сақтау
оқылым	Дұрыс оқу, мазмұнын түсіну, төл дыбыстарды дұрыс айту, мәнерлеп оқу
жазылым	Төл дыбыстарды дұрыс жазу, үндестік заңын қолдану
айтылым	Сұрақ дұрыс қою, толық жауап беру, төл әріптерді дұрыс айту

Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында оқушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру-маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны дамыту.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі-елімізді мекендеген өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді игеру. Бұл іс біріншіден, әлеуметтік сұранысқа негізделген мемлекеттік қажеттілікті нысана еткен жағдайда, екіншіден, бүгінгі оқыту жүйесіндегі қазақ тілінен берілетін білім нәтиже берген жағдайда ғана алға басады. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде оқыту мемлекеттік білім стандартына, базистік оқу жоспарына, тілді оқыту тұжырымдамасына және мемлекеттік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Коммуникативті әдіс-оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынас

арқылы жүзеге асатыны, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілдік қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі. Ойлау-сөйлеудің керек ететін кез келген жағдайда үш компонент өзара байланысады: шешілетін мәселе, бар білімдері, зерттеу әрекеттері. Коммуникативтік оқыту тілдік әрекетінің барлық түрінде қалыптасады-тыңдауда да, сөйлеуде де, оқылымда да, жазылымда да және тілдесімде де, өйткені ол оның іске асуын қамтамасыз етеді. Әр сабақта сөйлеу әрекетінің 4 түрі қолданылады. Оқушының коммуникативтік қарым-қатынасын, тілдік құзыреттілігін, шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында жұптық, топтық тапсырмалар беріледі. Топтық жұмыс әр оқушының дамуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым әрекеттерін байқауға болады.

Оқыту процессінде барлық тілдік дағдылар дамиды. Нәтижесінде сөйлеу, жазу, оқу, тыңдауға үйренуге болады. Жоғарыда жазылған тапсырмаларды сабақта қолданып оқушылардың уәждерін өсіріп төрт тіл дағдыларын дамытуда әсері зор болады деп есептеймін. Қазіргі таңда қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсат, оқушы тілді қарым-қатынас ретінде қолдануға қабілеті болуын дамыту. Менің ойымша, коммуникативті оқыту арқылы нәтижеге жетуге болады. Коммуникативті-тілдік дағдыларды қалыптастырудағы негізгі оқыту принципі. Тәжірибиеде интерактивті тақтаны қолдану: есте сақтау, көру қабілеттерін дамытуда ұтымды. Коммуникативті әдіс ең бастысы сөйлеуге дағдыланған. Уәжді қалыптастырудағы коммуникативті құзыреттілік жағдай болып есептелуде. Уәжді қалыптастыруда көрнекілік, рөлдік ойындар, әр түрлі тапсырмалар, АҚТ-ды, жаңа технологияларды қолдану мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә «Қазақстан халқының әлауқатын арттыру- мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» / Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 6 ақпан, 2008 жыл
2. Пассов, Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. - М., 1991.
3. Левитан, К.М. О содержании понятия "коммуникативная компетентность". Перевод и межкультурная коммуникация. / К.М. Левитан. Екатеринбург: Издательство АБМ, 2001. №.2.89-916
4. <https://refdb.ru/look/2113267.html>